

Нысаның БКСЖ бойынша коды

Код по ОКУД _____

КУЖЖ бойынша коды

Код организации по ОКПО

«Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитетінің Павлодар облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті» РММ

РГУ «Департамент контроля качества и безопасности товаров и услуг Павлодарской области Комитета контроля качества и безопасности товаров и услуг Министерства здравоохранения Республики Казахстан»

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы "30" мамырдағы № 415 бұйрығымен Бекітілген № 015/е нысанды медициналық құжаттама

Медицинская документация Форма № 015/у
Утверждена приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от "30" мая 2015 года № 415

Павлодар облысы аумағында қатаң карантиндік шектеу шараларын енгізу туралы №8 ҚАУЛЫСЫНА өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

«2020 жылғы «06» тамыз

Павлодар қ.

Мен, Павлодар облысы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері Алиев Батырбек Төлеубекұлы, Павлодар облысы тұрғындары арасында COVID-19 таралуының алдын алу мақсатында, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 38, 104 баптарының 2 тармағының 3) тармақшасына, ҚР мемлекеттік Бас санитарлық дәрігердің 2020 жылдың 26 маусымдағы «Қазақстан Республикасы тұрғындары арасында коронавирусты инфекция ауруының алдын алу бойынша шараларды одан әрі күшейту туралы» №43 Қаулысына, ҚР мемлекеттік Бас санитарлық дәрігердің 2020 жылдың 3 шілдедегі «Қатаң карантиндік шектеу шараларын енгізу туралы» №44 Қаулысына, «Пайда болу және таралу қаупі төнген кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін инфекциялық аурулар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 130 бұйрығына, ҚР Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы «Қазақстан Республикасының аумағында шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» №239 бұйрығына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Павлодар облысының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2020 жылғы 3 шілдедегі «Павлодар облысы аумағында қатаң карантиндік шектеу шараларын енгізу туралы» 8 қаулысына келесідей өзгертулер енгізілсін:

1 тармақтың 15) тармақшасы төмендегі редакцияда жариялансын:

-2020 жылдың 8-9 тамыз демалыс күндері қоғамдық көліктердің (*автобустар, трамвайлар, маршруттық таксилер*) және серуендейтін өзен көлігінің жұмысы тоқтай тұрсын.

2. Осы Қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы қаулы 2020 жылғы 8 тамыздағы 00 сағат 00 минуттан бастап күшіне енеді.

4. Осы қаулы 2020 жылғы 8 тамыздағы сағат 00.00-ден бастап 2020 жылғы 10 тамыздағы сағат 00.00-ге дейін қолданылады.

Павлодар облысының
Бас мемлекеттік
санитарлық дәрігері



Б. Алиев